


ЖАЗЫЛЫМ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ



Э.Н. ОРАЗАЛИЕВА, ФИЛОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР

*Жазу-сызу жоқ жұртта көсем
жұртты шығармалар болмайды.
Себебі жазу-сызу жоқ жұртта
Өнер-Ғылым болмайды.*

А. Байтұрсынұлы



*Дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты -
айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру.
Әдетте жазу жалпыға ортақ болғандықтан, оның
ережелері де көпшілікке бірдей болып, қалың
жұртшылықтың пайдалануына арналады.*

Р. Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы

Жазылым – тілдік бірліктердің графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Ф. Оразбаева





Жазбаша сөйлесім – лингвистикалық ерекшеліктерді толық меңгерудің көрінісі және ең күрделі тілдік құбылыс. Жазбаша сөйлесім дегеніміз – оқушының айтар ойын тілдік-қатысымдық бірліктерді қолданып, басынан аяғына дейін толық жаза білуі, көзқарасын, пікірін қағазға түсіріп, жеткізуі.

Жазылымның құрылымдық кезеңдері:

- Қажеттіліктен пайда болатын себеп.
- Себептің ойда, санада бейнеленуі.
- Ойдың сөз арқылы тізбектелуі.
- Сөздің графикалық әріптермен таңбалануы.
- Жазудың екінші адамға түсінікті болып, берілген хабарды білдіруі.



Ф. Оразбаева. Тілдік қатынас





Жазылымның психологиялық ерекшелігі

– жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау.



Жазылымның әдістемелік ерекшелігі –

графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту. Жазылым процесін тез әрі сауатты үйренудің ұтымды тәсілдерін пайдалану.

Ф. Оразбаева. Тілдік қатынас





Жазба жұмысының жүргізілу бағыттары:

- 1) Берілген жазба жұмыстар мен тапсырмалар өмірге сай бола келіп, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, түсіністік пен пікір алысуды қамтамасыз ету керек.
- 2) Кейбір жұмыстар алдын ала ауызша орындалып, үлгісі көрсетілген жөн.
- 3) Берілген тапсырмалар жеңілден қиынға, аздан көпке қарай ауысып, барлық материалды түгел қамтығаны абзал.
- 4) Ұсынылған жұмыстар қателерді меңгеруге бағыттала келіп, оқушылардың үйрену дағдысын жетілдіріп отыруы керек. 6. Жазба жұмыстарында берілген сөздердің саны қатысымдық минимумды меңгеретіндей дәрежеде болып, орындалу барысында сөздік қордың дамуына бағытталғаны дұрыс.
- 5) Жазба жұмыстары үздіксіз тексеріліп отыруы. Қажет.



Ф. Оразбаева. Тілдік қатынас

«the real teaching environment is where theory is applied, tested and evaluated» [Scales, 2013 p.24].

«шынайы оқыту теория қолданыс тауып, тексеріліп, бағаланған жағдайда ғана жүзеге асады» [Scales, 2013 p.24].

«introducing topics and activities clearly, explaining clearly with examples and illustrative materials, use of questions, especially higher order questions» , «making use of learners ideas, clarifying and developing them further» [Rosenhine, 1971]

Оқытудың маңызды қадамдары «тақырып пен орындалатын әрекеттер тізбегінің, мысалдар мен иллюстрациялық материалдардың анықтығымен, қолданылатын сұрақтардың реттілігімен, тіл үйренушілердің идеяларын нақтылай отырып, дамыта отырып, қолданысқа енгізумен» ерекшеленеді [Rosenhine, 1971].

Тапсырмалардың Ұсынылу реті:

- 1) силлабуста нақтылануы: тапсырма түрі, тақырыбы, бағалану талаптары; Өткізілу аптасы, күні;
- 2) мүдде тапсырманы орындау нұсқаулығының алдын ала жіберілуі: ұғымдарға түсініктеме беру, әдебиеттер тізімін рәсімдеу ережелерін көрсету, қолданылатын технологияларға жеке сатылы нұсқаулық тіркеу;
- 3) аудиторияда топпен тапсырма талаптарының талқылануы: алдын ала тақырып жіберу, материал жинауға уақыт беру, жеке топ құрамдарымен дайындық жүргізу, нәтижесін ортаға салу; мысалы: аргумент пен фактінің айырмашылығын нақтылау;
- 4) тапсырманың бағалануы, студентке жіберілуі;
- 5) типтік қателердің ортаға салынуы: сызба түрінде

Тапсырмаларды орындату жолдары:

- <https://classroomscreen.com/> - ақылды тақта
- <https://wheeldecide.com/> - ұғымдық кеңістік – сөздермен жұмыс
- <https://www.gzaas.com/> - тақтаға үлкен әріптермен сұрақты шығару
- <https://wordart.com> - баламалы ұғымдармен жұмыс істеу
- <https://padlet.com/dashboard> - презентацияларға пайдалану, постер жазып пікіралмасу алаңы ретінде Қолдану
- <https://www.thinglink.com/action/imageUpload> - презентацияларға арналған құрал
- <https://www.playposit.com/delivery/> - тыңдалыммен жұмыс / бейнежазбаның арасына тапсырмалар дайындау/
- <https://docs.google.com/document/u/0/?tgif=d> – жазылымға пайдалану
- <https://moodle.nu.edu.kz/my/> - жазылымды тіркеу

АҚЫЛДЫ ТАҚТА - <https://classroomscreen.com/>:

The screenshot displays the ClassroomScreen.com interface with a scenic background of a lake and mountains. Several interactive widgets are visible:

- Text Widget:** A white box with a corrugated texture containing the text: "Мемлекеттерге тән демократиялық белгілер: 1) плюрализм 2) ...".
- Traffic Light Widget:** A vertical traffic light with the green light illuminated.
- Rolling Dice Widget:** A white box showing two dice faces with 5 and 1 dots, and three circular buttons below for rolling.
- Timer Widget:** A large digital timer showing "09:57" with a play button and plus/minus controls.
- Calendar Widget:** A green and white widget showing the time "17:" and a clock face.
- Background Selection Widget:** A white box with a list of names: "Жанар", "Меруерт", "Алия", "Ербол", "Ержан". A "Choose" button is at the bottom.

At the bottom, a toolbar contains icons for various features: background, random name, dice, sound level, qr code, draw, text, work symbols, traffic light, timer, stopwatch, clock, and calendar.

ПРЕЗЕНТАЦИЯ - <https://padlet.com/dashboard> :

Әлемдегі мемлекеттер
Made with charisma

М И Р
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ХАРТА

Ерекше шекаралар
<https://www.youtube.com/watch?v=Q0UIYq9ZaHM>

Ең көне мемлекеттер
https://www.youtube.com/watch?v=NlFwa7o_SSo

Ең бай мемлекеттер
<https://www.youtube.com/watch?v=n1WyPhqg0Pw>

Әлемдегі ең таза мемлекеттер
<https://www.youtube.com/watch?v=7S6U5uGK-SY>

Әлемдегі ең көрнекі астаналар
<https://www.youtube.com/watch?v=TR47qJTSWqQ>

Мемлекеттер туралы қызық мәліметтер
<http://xn--80aahh2ah1cn0e.xn--p1ai/%D0%B8%D0%BD%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B5%D1%81%D0%BD%D1%8B%D0%B5-%D1%84%D0%80%D0%BA%D1%82%D1%8B-%D0%BE-%D1%81%D1%82%D1%80%D0%80%D0%BD%D0%80%D1%85-%D0%B5%D0%B2%D1%80%D0%BE%D0%BF%D1%8B/>


удостоверение -pdf

Введите здесь текст для поиска

Скажите «Слушай, Алиса»

КАЗ

ПРЕЗЕНТАЦИЯ -
<https://www.thinglink.com/action/imageUpload> :



ФРЕЙЕР ҮЛГІСІНДЕГІ СЫЗБА:

АНЫҚТАМАСЫ

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҰҒЫМ

МЫСАЛДАРЫ

АНТИМЫСАЛДАРЫ

Жазылым тапсырмаларының түрлері

(300 деңгейлі сабақтарда (С1):

- тест құрамындағы ашық сұрақтар*
- оқылым бойынша аналитикалық талдау*
- әдебиеттерге шолу*
- фактологиялық талдау*
- стратегиялық жаттығу*
- терминдермен жұмыс*
- постер жазу*
- презентация жасау*



Жазылым тапсырмаларының орындату нұсқаулықтары:

1) Әдебиеттерге шолу

Әдебиетке шолу (үлгі)

Анықтама: Әдебиеттерге шолу (Literature review) дегеніміз – зерттеу тақырыбына қатысты жарияланған әдебиеттерге объективті, сыни мазмұнда шолу жасау.

Әдебиетке шолудың ресми үлгісі – мақсатты аргумент.

Әдебиеттерге шолу келесі компоненттерден тұрады:

- Мақала/ әдебиет туралы мәлімет: авторы, шыққан жылы, аты*
- Ғылыми мақаланың/ еңбектің зерттеу тақырыбына қатысы: зерттеуге қатысы бар тараулар негізінде мазмұндық шолу*
- Сараптамалық дәйек: зерттеу өзектілігін дәлелдейтін қолданбалы теорияларды, тұжырымдарды, авторлық көзқарастарды сұрыптау*
- Зерттеу дағдыларын жүйелеу: әдебиет негізінде саладағы өзгерістер, жаңалықтар, олқылықтар (кемшіліктер) туралы ақпарат беру, сенім тудыра алатын аргументтік шолу жасау (қажет деректерді табу)*



- *Зерттеу әдістерін дамыту: ақпараттарды логикалық топтарға бөлу, деректермен жұмыс кезінде салыстыру, сыни ойлау, кешенді талдау, сандық/сапалық зерттеу әдістерін пайдалану*
- *Тұжырымдау: еңбектің таңдалу құндылығын бағалау, жеке пікірлерді білдіру, өз көзқарасыңызбен салыстыру, авторлық қорытындының маңызын/даулы екенін/жетілдіру қажеттігін дәлелдеу, болашаққа бағдар жасау*

Әдебиеттерге шолу кезінде аңдатпаға қойылатын жазу талаптарын, ғылыми стиль негіздерін сақтау, АРА бойынша әдебиеттер тізімін ұсыну және мәтін ішінде сілтеме үлгісін жүйелеу керек: әдебиеттерге шолу құрамындағы баяндауыштар етістіктің өткен, осы және келер шақтарында, ырықсыз етісте және пассив формада жазылады. Мысалы: талданды/талданады, болжау айтылды/айтылады, кірістіріледі деп қорытындылады/ қорытындылайды, анықталды/ анықталады, бекітілді/бекітіледі, мысалдар берілді/ беріледі, атап өтті/ өтеді, нәтижелер баяндалды/ баяндалады, атап көрсетті/ көрсетіледі, қолданылды/ қолданылады, зерттелді/ зерттеледі, сыналды/ сыналады, жүйеленді/ жүйеленеді, қорытындыланады, талқыланады, бекітіледі, анықталады(бағыттар), суреттеледі, тәжірибе бекітіледі, бағаланады, көрсетіледі, ұсынылады, аталады, келтіріледі, сипатталады және т.б., сілтеме үлгісі [1; 45-б.]

•



- 1-жазылымға 4 әдебиет немесе 3 әдебиет пен 1 Ғылыми мақала, 2 әдебиет пен 2 мақала арқау болу керек
- көлемі: 1500 сөзден кем емес

Ескерту:

- 1) таңдалған әдебиет немесе мақала зерттеу тақырыбына қатысты болу керек;
- 2) артық, жалпылама ақпарат қосылмау керек;
- 3) шолу әдебиеттің негізінде жасалу керек, зерттеушінің жеке көзқарасы тек тұжырым жасау кезінде ғана салыстырыла қосылу керек;
- 4) нақтылық пен аргументтік талдау – басты бағалау ұстанымы
- 5) Файл студенттің аты-жөнімен сақталып, мүдге уақытынан кешіктірілмей жіберілу керек



Фактологиялық талдаудың жазылу талаптары мен қадамдары:

1-қадам:

ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМЫНЫҢ/ БОЛЖАМЫНЫҢ ТЕКСЕРІЛУІ

Ұсынылған тақырып бойынша:

- кілт сөздерге мән беру;
- тақырып мазмұнына зер салу;
- Өз көзқарасыңызды анықтау;
- Өз көзқарасыңызды дәлелдейтін мәліметтерді топтау: сандар, сызбалар, графикалар, эмпирикалық зерттеулер;
- Қарсы көзқарастың аргументтерін /дәлелдемелерін/ мұқият зерттеу.

Дәлелдеу - белгілі бір тұжырымға негізделген және оған байланысты шынайы тұжырымды анықтау үшін қолданатын логикалық тәсілдер жиынтығы.



Фактологиялық талдаудың жазылу талаптары мен қадамдары:

2-қадам: ЗЕРТТЕУДІҢ ФАКТИЛЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

- кеңістік пен уақыт Өлшемдері нақты болу керек;
- дереккөзіне нақтылық тән болу керек, мысалы: Құжаттар, статистикалық материалдар, есептер, аналитикалық жазбалар, шынайы оқиғалар, жады деректері, сауалнама нәтижелері;
- уақыт Өлшемімен анықталатын когнитивтік Өзектілік шарты орындалу керек;
- фактологиялық интерпретациясы болу керек, сол арқылы деректің теориялық не тұжырымдамалық мәні анықталады



Фактологиялық талдаудың жазылу талаптары мен қадамдары:

3-қадам:

ФАКТОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ФОРМАЛАРЫ

ТАҢДАЛҒАН МӘСЕЛЕ бойынша:

- ұсынылған тақырыптың ішкі мазмұндық шеңбері негізінде материал жинақталу керек;
- материал баяндаушының өзіндік ұстанымына негізделіп жіктелу керек – классификация;
- жан-жаққа талдау негізінде материал жүйелену керек;
- материал өзара логикалық байланыста өңделу керек;
- материал негізгі аудиторияңыздың / оқырмандарыңыз, тыңдаушыларыңыз / назарынан тыс қалмау керек: мысалдарыңыз, баяндау стиліңіз, тіліңіз.



Фактологиялық талдаудың жазылу талаптары мен қадамдары:

4-қадам:

ФАКТИЛЕРДІ ЖИНАҚТАУ КӨЗДЕРІ:

- Құжаттамалық деректер: статистикалық материалдар, есептер, аналитикалық жазбалар;
- зерттеу нәтижелері: эксперимент, сауалнама, сұхбат нәтижелері

5-қадам:

ФАКТОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДЫ ЖИНАҚТАУ ӘДІСТЕРІ

- бақылау
- эксперимент
- сауалнама
- контенттік талдау - зерттеу мақсат-міндетіне орай анықталатын ақпарат жинаудың мәтінге негізделген үлгісі (мысалы, ұғымдар, етістіктер, сөз тіркестері жан-жақты талданады). Бұл әдіс саяси тақырыптарды талдау кезінде ұтымды. Ол мазмұнға және құрылымға негізделуі мүмкін (құрылымдық сандық ақпаратпен жүйеленеді);
- имитация: негізгі тәсілдері матрицаға негізделген таблицаларды қолдану немесе репрезентация (мысалы, өндіріс орындарының есептерін, мәліметтерін әлеуметтік зерттеулерде пайдалану).

Фактологиялық талдаудың жазылу талаптары мен қадамдары:

6-қадам: ЖАЗУ ТАЛАПТАРЫ

- Фактілер жүйеленіп, әдебиеттерге шолуда ұсынылған авторлық тұжырымның дәйегі немесе дәлелі есебінде ұсынылу керек. Ойлардың арасында логикалық және алгоритмдік реттілік сақталу қажет.

Фактілердің ұсынылу тәртібі:

- біріншіден, Қазақстандық контент бойынша 2 факт;
- екіншіден, Ғаламдық немесе шетелдік контент бойынша 2/3 факт талдауға арқау болу керек;
- барлығы – 4/5 факт

ЕСКЕРТУ

- таңдалған материал зерттеу тақырыбына қатысты болу керек;
- артық, жалпылама ақпарат қосылмау керек;
- нақтылық пен фактологиялық талдау – басты бағалау ұстанымы;
- файл студенттің аты-жөнімен сақталып, мүддеге уақытынан кешіктірілмей жіберілу керек

Фактологиялық талдауды бағалау талаптары:

- 1) таңдалған әдебиеттің зерттеуге қатысы – 4 әдебиет
(Ғылыми монография, мақала) – 20%
- 2) сараптамалық дәйек – талдау, зерттеу дағдыларын
жүйелеу немесе аргументтік негіз (сілтемелермен жұмыс) –
20%
- 3) Ғылыми жаңалықтар, сандық көрсеткіштер, тәжірибе
Қорытындылары, тарихи немесе құжаттамалық деректер –
20%
- 4) тұжырымдау немесе қорытындылау – 20%
- 5) орфография немесе сауаттылық нормалары – 20%

•



№ 1 стратегиялық сыни ойлау жаттығуы

Мақсаты: Еуропалық Одақтың 2024 – 2034 жылдарға арналған «Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» шеңберінде Италия бойынша Жоба дайындау

Қатысушылар саны: 4 студент

Орындау уақыты: 70 минут

Жобаның рәсімделуі:

Times New Roman, 12 шрифт, 1,15 интервал – 1 бет /1 беттен аспау керек/

Жобаның мазмұны:

- жобаны ұсынушылар мемлекеттік сектор мен елдің ағымдағы саяси, экономикалық жағдайын ескеру керек;*
- жоба ЕО мен жергілікті ұлттық беделді топтар арасында тығыз Қарым-Қатынас орнатуға бағытталу керек;*
- жоба нұсқасы әлеуметтік жағынан әлсіз топтардың мүдделерін де Қорғауды көздеу керек*



**стратегиялық
сыни ойлау жаттығуын бағалау:**

- *Ұсынылатын жобаның шынайы жағдайға сәйкестігі (сәйкес нәтижелердің Қамтылуы; сәйкес серіктестердің таңдалуы; маркетинг арқылы бәсекеге Қабілеттілік деңгейінің көрсеткіштерінің ескерілуі) – 30%*
- *жобаның сапасы (жобаның түсікті дайындалуы, жүзеге асырылу мүмкіндіктерінің дұрыс Қамтылуы, ресурстардың дұрыс жүйеленуі, менеджмент) – 25%*
- *мақсатты аудиторияға әсері (сәйкес индикаторлардың таңдалуы, бөлінуі және жобаның Қамтылу мерзімінің сәйкестігі) – 30%*
- *Қаржының тиімді сұрыпталуы – 15%*





Әдебиеттер тізімі:

- *Ф. Оразбаева. Тілдік Қатынас (Ғылыми монография). 2-том. - Алматы: Анарыс, 2019*
- *Р. Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: Елорда, 2000*
- *K. Hyland, «English for Academic Purposes» An advances resource book, Routledge Applied Linguistics, 2006.*
- *K. Hyland, L. Hamp-Lyons, «EAP: issues and directions», Journal of English for Academic Purposes 1/1: pp. 1–12, 2002.*
- *B. Rosenshine, «Teaching Behaviors and Student Achievement», London: National Foundation for Educational Research, 1971.*
- *P. Scale, K. Briddon, L. Senior, «Teaching in the Lifelong Learning Sector», Open University Press, 2013.*



Назарларыңызға рақмет



байланыс тел.705770

elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz

<https://www.iatkl.kz/>

